

Біліктілігіне қойылатын талаптар: тиісті бейін бойынша жоғары және (жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс.

**Бос лауазымның уақыты: 25.08.2022-31.08.2022**

**Құжаттарды қабылдау мерзімі:** конкурс откізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі 25.08.2022-31.08.2022 жж.

**Конкурсқа қатысуға шет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды немесе қағаз түрінде жолдайды:**

- 1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс-парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР ДСМ міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №21579 болып тіркелген).
- 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сараншының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
- 10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады. Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушының құжаттарына біліктілік талаптарына біліктілік бағалауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ресми сайттарына және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға тапсыруы қажет. Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылы, Б.Бисембаев көшесі №1 үй.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Анықтама телефондары: 8 713 39 42 229.

Электронды пошта: Qarashatau.yandex.kz